

# «Ұйымдастыра білген ұтады»

**Ашылғанына көп бола қоймаған жас білім ордасының іргесінің бекіп, өрісінің кеңі түсуі жолында үшінші ректор Борис Петрович Шах мол еңбек сіңірді десек, артық айтқандық емес.**

Борис Петрович Шах 1975 жылдың қазан айында Ауылшаруашылық министрлігінің бұйрығымен Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтының ректоры болып тағайындалады. Бұл кезде институттың жаңа кешенінің құрылысы басталып жатқан уақыт болатын. Қайнаған жұмысқа білек сыбана кіріскен Б.П. Шах осы кешенінің құрылысына бар күш-жігерін жұмсады. Бұл жерде сол кезде облысымызды басқарған білікті басшы, шебер ұйымдастырушы, көреген саясаткер Ықсанов Мұстахым Біләлұлының тарапынан да көп қолдау көрсетілгендігін атап айту керек. Нәтижесінде 3 оқу ғимараты, 2 тұрғын үй, балалар комбинаты, кітапхана, спорттық блок, виварий пайдалануға берілді. Көптеген пәндер бойынша бағдарламалы оқыту енгізіліп, он лектік дәрісхана оқытудың техникалық құралдарымен толықтай жабдықталды. Агроөнеркәсіп кешеніне қажетті мамандарды, әсіресе, жергілікті кадрларды дайындауға баса көңіл бөлінді.



Осы бағытта оқу орнын үздік бітірген түлектерді институтқа оқытушылық қызметке қалдырып, ғылыми жұмыспен айналысуға баулу қарқынды жүргізілді. Мұндай кадрлардың алғашқы толқынында бүгінгі таңда білім ордасын басқарып отырған ректоры Қ.Қ. Бозымов және профессор-оқытушылар құрамы Ә.Ш. Шамғонов, К.Г. Кудряков, С.Х. Бисенов, Б.Т. Төлебаева, Ғ.Қ. Молдашев, Б.Б. Траисов, Е.Ғ. Насамбаев, Т.Н. Траисова, Қ.Н. Габдеев, В.С. Кучеров, В.Д. Исмағұлов М.Ә. Ғабдолов, Ф.Х. Суханбердина, Б.Н. Ну-

ралин, Г.И. Оверченко, Р.Р. Джапаров, В.Ф. Мун, А.Н.Тюрин, Е.С. Айталиев және т.б. болды.

«Ұйымдастыра білген ұтады» дегендей, институт ұжымын білімді де білікті басқара отырып, оқыту үдерісін жетілдіру, сапасын арттыруға бағыттай білген Б.П. Шахтың бұл салада жинақтаған тәжірибесі де мол еді.

Ресейдің Кемерово облысында дүниеге келіп, сол жерден онжылдық мектепті аяқтаған бозбала Қазақ ауылшаруашылық агрономия факультетіне оқуға түсіп, оны 1954 жылы үздік тәмамдайды. Алғашқы еңбек жолын МТС агрономы лауазымынан бастап, кейін оқу-тәжірибелік шаруашылықтың және совхоздың бас агрономы қызметін атқарады. 1960-1963 жылдары Қазақ жер өңдеу ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасын оқып бітіріп, 1963 жылы диссертациясын сәтті қорғап шыққан ол ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болады. 1963-1975 жылдар аралығында Семей ауылшаруашылық тәжірибелік станция директорының орынбасары, Қазақ КСР Ауылшаруашылық министрлігінде бас маман, Қазақ картоп-көкөністік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының қайта құрылған «Талапты» тәжірибе шаруашылығында

директор, Енбек Қызыл Ту орденді Қазақ ауылшаруашылық институтының «Жанашыр» оқу-тәжірибелік шаруашылығының директоры болып жұмыс жасайды.

Б.П. Шах 10 жыл бойы Қазақ картоп-көкөніс ғылыми-зерттеу институты мен Қазақ ауылшаруашылық институтының ғылыми кеңесінің тұрақты мүшесі болған.

Міне, осындай еңбек жолдарынан өткен Борис Петрович Шах Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтында жұмыс жасаған жылдары басқару қызметін ғылыми-зерттеу жұмысымен терең ұштастыра білді. Ауыл шаруашылығы саласындағы табысты еңбегі үшін Борис Петрович Шах Ленин орденімен, Қазақ КСР Жоғары кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен, «КСРО Ауыл шаруашылығы жетістіктері көрмесінің» төрт дипломымен марапатталған.

Сондай-ақ ауылға шефтік көмек көрсету бойынша құрылған студенттік құрылыс жасақтарының жұмысын ұйымдастырудағы еңбегі үшін Б.П. Шах 1984 жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Айгүл АХМЕТОВА